



18/1-151 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.Сейтжанова
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ ЖАЗҒЫ/ҚЫСҚЫ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
Е 439-2026

Мерзімі	Көшірмесі	Басылым
		Үшінші


Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі	Е 439-2026 3 –ші басылым 12 беттің 2 беті	
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже		

1. «ОҚМА» АҚ Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.


2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру кезеңі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі	Е 439-2026
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Анықтамалар және қысқартулар	4
3. Жалпы ережелер	5
4. Жазғы/қысқы мектептің анықтамасы мен функциялары	6
5. Жазғы/қысқы мектептің мақсаттары мен міндеттері	7
6. Құқықтары мен міндеттері	8
7. Жауапкершілігі	8
8. А ҚОСЫМШАСЫ	11

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі	Е 439-2026	
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 4 беті	

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж., №319;
- Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы, 01.07.2024 ж., № 103-VIII;
- СТ ҚР 9001:2016 Сапа менеджменті жүйесінің стандарттары;
- СТ 004-2024 Сапа менеджменті жүйесінің стандарттары. Қызметті реттеуді басқару;
- СТ 002-2024 Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;
- СТ 021-2024 Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер;
- СТ 022-2024 Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару;
- СТ 008-2024 Сапа саласында тәуекелдерді басқару;
- СТ-011-2024 Персоналды басқару стандарты;
- СТ 012-2025 Профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары;
- Ректордың бұйрықтары;
- Жобаларды басқару және коммерциаландыру офисінің жұмыс жоспары;
- «ОҚМА» АҚ Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің Ережесі ҚЕ 87-2026;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

2. АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

2.1. Осы Ережеде келесідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі	Е 439-2026
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 5 беті

- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

2.2. Қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЖООКББҰ – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары;

ҒЗЖ - Ғылыми-зерттеу жұмысы;

ОӘО - Оқу-әдістемелік орталығы;

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Ереже жазғы/қысқы мектепті (бұдан әрі-мектеп) ұйымдастыру тәртібін, мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің мектепті дайындау, ұйымдастыру және өткізу кезіндегі өзара іс-қимылын айқындайды.


3.2. Мектеп-бұл маусымнан қыркүйекке дейінгі жазғы кезеңде және қаңтардан наурызға дейінгі қысқы кезеңде қосымша білім беру, ғылыми, әдістемелік қызметтер жүйесі. Қызметтер тізбесін ОӘО, деканаттар жасайды және қызметтердің құнын ректор бекітеді.

3.3. Мектеп өз қызметінде қолданыстағы нормативтік құжаттарды басшылыққа алады, атап айтқанда:

– ҚР Заңдарын;

– ҚР Үкіметі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі шығаратын ғылым және білім саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарын;

– ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі	Е 439-2026	
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 6 беті	

3.4. Оқу кезеңінде білім алушыларға «қатысушы» немесе «тыңдаушы» мәртебесі беріледі. Мектептің қатысушылары/тыңдаушылары ретінде «ОҚМА» АҚ-ның студенттері, интерндері, резиденттері, магистранттары, докторанттары, қызметкерлері, сондай-ақ өзге жоғары оқу орындарының білім алушылары мен қызметкерлері қатыса алады. Оқыту білім алушылардың жеке өтініштері негізінде және қосымша ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады. Оқу аяқталған соң Жазғы/Қысқы мектептен өткенін растайтын сертификат беріледі.

4. ЖАЗҒЫ /ҚЫСҚЫ МЕКТЕПТІҢ АНЫҚТАМАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

4.1. Мектеп – осы Ережеде көзделген түрлі нысандарда жүзеге асырылатын коммуникациялық алаң, білім беру, ғылыми және басқа да бағдарламаларды, жобалар мен іс-шараларды іске асыру.

4.2. Мектеп қатысушының қажеттіліктеріне сәйкес білім алуды таңдау еркіндігін іске асыруға, әр қатысушының өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасауға, қабілеттерін еркін дамытуға, соның ішінде білім алу нысандарын, оқыту нысандарын таңдау немесе әртүрлі жобалар мен іс-шараларға қатысу құқығын беруге ықпал етеді.

4.3. Мектеп төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- қарым-қатынас, пікірталас, пікір алмасу, жаңа білім алу, пайдалы және қызықты танысу, өзін-өзі жүзеге асыру үшін коммуникациялық алаң болып табылады;

- дарынды білім алушыларды зерттеу жұмысына тартуға және білім мен құзыреттілік деңгейін арттыруға, түрлі салалардың жетекші мамандарымен және сарапшыларымен сөйлесуге мүмкіндік береді;


- білім беру туризмін, халықаралық студенттерді интернационалдандыруды және бейімдеуді қоса алғанда, академиялық ұтқырлықты дамытады;

- оқу-зертханалық сабақтар өткізуге, білім беру және ғылыми бағдарламалар мен жобаларды сынақтан өткізуге мүмкіндік береді;

- жаңа идеяларды іздеуге, бастамашылдықты және жобалық ойлауды дамытуға ынталандырады;

- қатысушылар өз жобаларын әзірлеуге және таныстыруға, сондай-ақ бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға және кейін конкурстық, зерттеу және тәжірибеге бағытталған форматтарға қатысуға мүмкіндік алады;

- ғылыми ынтымақтастықты нығайтуды қамтиды.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі	Е 439-2026	
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 7 беті	

5. ЖАЗҒЫ /ҚЫСҚЫ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Мектептің мақсаты – білім алушылар мен жас мамандарды денсаулық сақтау саласындағы, сондай-ақ өзекті пәнаралық мәселелерді шешуге ықпал ететін басқа да ғылыми бағыттардағы ғылыми-зерттеу және тәжірибеге бағытталған қызметке тарту үшін жағдай жасау.

5.2. Жазғы/қысқы мектептің қатысушылары/тыңдаушылары (білім алушылар) және оқытушылары академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға, өзара және оқытушылармен қарым-қатынаста сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануға міндетті.

5.3. Қатысушылар/тыңдаушылар және оқытушылар жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану барысында белгіленген ішкі ережелерді сақтауға, оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты түрде пайдалануға міндетті.

5.4. Мектеп аясында жүзеге асырылатын міндеттер:

- әртүрлі ғылыми және кәсіби бағыттардағы жетекші зерттеушілер, тәжірибелі дәрігерлер, оқытушылар және сарапшылардың қатысуымен ғылыми-білім беру іс-шараларын ұйымдастыру;

- қатысушыларды ғылым, технология және денсаулық сақтау салаларындағы зерттеу және қолданбалы жобаларды әзірлеуге және іске асыруға тарту;

- аналитикалық ойлау, ғылыми коммуникация, жобалық қызмет және пәнаралық командаларда жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

- ғылыми идеяларды ұсынуға, сынақтан өткізуге, тәжірибе алмасуға және инновациялық шешімдерді ілгерілетуге бағытталған орта қалыптастыру;

- зерттеу жұмыстарына дайындықты қамтамасыз ету, ғылыми конференциялар, байқаулар және басқа да ғылыми-жобалық іс-шараларға қатысуға ықпал ету;

- мектеп қатысушыларын/тыңдаушыларын қабылдауды және өтінімдерді жинауды ұйымдастыру;

- қатысушыларды/тыңдаушыларды тіркеу, олармен шарттар жасасу және қажетті құжаттаманы рәсімдеу;

- мектепті іске асыру жоспары мен іс-шаралар бағдарламасын әзірлеу және оны ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректормен бекіту;

- мектепке қатысу ақысына қатысты сметалық есептерді дайындау;

- мектепті ұйымдастыруға рұқсат беру туралы бұйрық жобасын әзірлеу;

- мектептің оқу топтарын қалыптастыру;

- «ОҚМА» АҚ-ның оқу бөлімдерімен және бейінді құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, мектептің тиімділігіне талдау жүргізу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі	Е 439-2026	
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 8 беті	

6. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Қатысушысы/тыңдаушының құқықтары мен міндеттері:

6.1.1. Мектептің қатысушысы/тыңдаушысы құқылы:

- шартқа (А қосымшасы) сәйкес білім беру қызметтерін алуға;
- дәріскерден қиындық тудыратын мәселелер бойынша жан-жақты түсіндірме алуға;
- ғылыми-зерттеу тапсырмаларын орындауға байланысты түсіндірмелер мен әдістемелік ұсынымдар алуға;
- зерттеу жұмыстарын орындау бойынша консультациялар алуға.

6.1.2. Мектептің қатысушысы/тыңдаушысы міндетті:

- мектептің оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарға қатысуға;
- оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес практикалық тапсырмалар мен тәжірибелік жұмыстарды орындауға;
- Шартқа (Қосымша А) сәйкес оқу ақысын уақтылы төлеуге.

6.2. Мектептің дәріскері құқылы:

- қатысушылардың/тыңдаушылардың сабаққа қатысуын бақылауға;
- қатысушылардан/тыңдаушылардан тапсырмаларды орындауын талап етуге.

6.2.1. Мектептің дәріскері міндетті:

- қатысушыларға/тыңдаушыларға теориялық және практикалық материалдар ұсынуға;
- қатысушыларға/тыңдаушыларға кеңес беруге;
- мектеп аяқталған соң есепті құжаттарды Жобалар мен коммерцияландыруды басқару офісіне тапсыруға.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Жазғы/қысқы мектептің қатысушылары/тыңдаушылары (білім алушылар) және оқытушылары жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

7.2. Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

7.3. Мектептің қатысушылары/тыңдаушылары жауапты:

- мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі	Е 439-2026
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 9 беті

– оқу бағдарламасында көзделген тапсырмалар мен практикалық жұмыстарды орындауға;

– академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға;

– оқу ақысын шарт талаптарына сәйкес уақтылы төлеуге;

– оқу процесі барысында мүлікке ұқыпты қарауға;

– жалған ақпарат ұсынғаны үшін және оқу тәртібін бұзғаны үшін ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.4. Мектептің оқытушылары (дәріскерлері) жауапты:

– оқу материалдарын сапалы және уақтылы ұсынуға;


– қатысушыларға/тыңдаушыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсетуге;

– оқу процесі барысында академиялық әдеп нормаларын сақтауға;

– қатысушылардың білім алуына тең жағдай жасауға;

– оқу процесінде пайдаланылатын материалдардың дұрыстығы мен сапасына;

– жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған ақпараттың дұрыстығын тексеруге және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға жауапты.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	Е 439-2026 3 –ші басылым 12 беттің 10 беті

Әзірлеген:


Лауазымы	Аты-жөні
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісінің меңгерушісі	Д.Ғ.Болатова

Тексерілді:

Лауазымы	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О. А.Кабиштаев

Келісілді:

Лауазымы	Аты- жөні
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректоры	Н.Е.Аукенов
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У.Анартаева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі	Е 439-2026
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 11 беті

А ҚОСЫМШАСЫ

ҒЫЛЫМИ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТ

«__» _____ 20__ ж.

Шымкент қ.

Бұдан әрі «1-Тарап» деп аталатын «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы жарғы негізінде әрекет ететін ректор _____ атынан әрекет ететін және бұдан әрі және азамат _____ (қатысушы/тыңдаушы), бұдан әрі «2-Тарап» деп аталатын, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1 Шарттың мәні

«ОҚМА» АҚ қатысушылардың/тыңдаушылардың жеке қабілеттері мен құзыреттерін дамыту, сондай-ақ бағдарламаға сәйкес олардың қосымша дағдыларын, білімдерін алу мақсатында жазғы және қысқы мектепті ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады.

Өткізу мерзімі:

«__» _____ 20__ ж.,

«__» _____ 20__ ж. дейін.

1.3. Қатысушы / тыңдаушы қатысу құнын төлегеннен кейін қысқа мерзімді болу шарттарымен мектепке барады.

2. Шарт талаптары және тараптардың міндеттері

2.1. Мектептің ұйымдастырушысы:

(құрылымдық бөлімшенің атауы)

2.2. Ұйымдастырушы өткізілетін іс-шаралардың, бағдарламалар мен жобалардың тізбесін, Бағдарлама кураторының байланыс деректерін және басқа да қажетті ақпаратты өткізу орны мен уақытын көздейтін бағдарламаға сәйкес мектептің өткізілуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2.3. Мектепке қатысу күндізгі немесе гибридті түрде жүзеге асырылады.

2.4. Мектеп бағдарламасы бойынша көрсетілген қызметтер қатысушыларға (тыңдаушыларға) мектеп бағдарламасы аяқталғаннан кейін «ОҚМА» АҚ белгілеген нысан бойынша сертификат берумен расталады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі	Е 439-2026
Жазғы/қысқы мектебі туралы ереже	3 –ші басылым 12 беттің 12 беті

2.5. Қатысушы / тыңдаушы мектепке қатысу құнын төлейді _____ (теңге), оның ішінде ҚҚС 12%, осы Шарттың 3-тармағындағы деректемелер бойынша қатысу басталғанға дейін.

2.6. Қатысушы / тыңдаушы мектепке баруға, «ОҚМА» АҚ ішкі тәртіп ережелерін сақтауға мектеп бағдарламасын меңгеруге және мектеп мерзімі аяқталғанға дейін Бағдарлама іс-шараларына толық көлемде қатысуға міндеттенеді.

2.7. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және осы Шарттың 1.2-тармағына сәйкес мектепті өткізу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

3. Тараптардың деректемелері мен қолдары

1- Тарап

2 ші Тарап

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

ҚР, Шымкент қ., Аль-Фараби алаңы 1.

БСН 991040003556

БСК TSESKZKA

ЖСК KZ09998STB0000790058

«Alatau City Bank» АҚ

КБЕ 16

Тел.: 8(7252) 39-57-57

Мекен жайы:

ЖСН:

ЖСК:

БСК

Тел:

Ректор _____

м.о.

(қолы)

(Т.А.Ж.)

(қолы)

(Т.А.Ж.)